Түркістан облысы
Шардара ауданы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры: Ж.Санаров

Буллинг және гипербуллинг болдырмаупсихологиялық түсінік

Психологиялық ағарту,алдын алу жұмысы.

Педагог-психолог: Ф.Жумабаева

2024- 2025 оқу жылы

Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»

Тақырыбы: Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»

Мерзімі:11.10.2024жыл

Мақсаты: Мектепте буллинг және киббербуллингті болдырмау,болған жағдайда себептері және алдын алу жұмыстары туралы түсінік беру

Сабақтың міндеттері:

1.Мектептегі буллинг және кибербуллинг құрбандары.

2. Түсінік жұмыстарын жүргізу

Қажетті құралдар: интербелсенді тақта,слайд,бейнеролик

Барысы:

5-7 сынып білім алушыларына жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жалпы білім алушылардың Буллинг деген не? Кибербуллинг деген не? сұрақтарын қоя отырып түсінік жұмыстары жүргізілді.

Буллинг деген не? Қорлау (буллинг) – басқа адамның жанын ауырту мақсатында агрессияны қолдану. Қорлау жәбірленушіге ауыртпалық пен қайғы әкеледі. Оның агрессив мінез-құлықтың басқа түрлерінен ерекшелігі – бірнеше рет қайталанады және жеке адамға немесе топқа бағытталады.

Бүгінде буллинг әлем мектеп¬те¬рінде кеңінен таралып отыр. Буллинг сөзі ағылшын тілінің bully, яғни қорқыту ұғымын береді. Бұл физикалық агрессия¬ны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін. Мысалы, бет көрінісін өзгерту немесе әдепсіз қимыл, сондай-ақ буллингтің құрбанын топтан, қауымдастықтан әдейі шығарып тастауға ұмтылу.

Кибербуллинг дегеніміз не? Кибербуллинг – адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау. Егер де:

- саған зұлым, ренішті хабарламалар, эмс немесе электронды хаттар (email) жазса
- сені қорлайтын бейнероликтер, суреттер, өсек немесе жалған сөздер таратса
- әлеуметтік желілерде сенің атыңнан жалған аккаунттар құрып, онда ерсі фотосуреттерді орналастырса
- сені ренжіту үшін әлеуметтік желілерде достар тобынан әдейі шығарып тастаса
- саған әдепсіз сөздер жазылған немесе қоқан-лоқы түрдегі хабарламалар жіберсе
- жеке басыңа қатысты ақпаратты басқаларға жайса
- сені ренжіту не қорлау мақсатында жеке фотосуреттеріңді басқаларға рұқсатсыз жіберсе, онда сен кибербуллингке тап болдың.

Кез келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін екені есіңде болсын. Егер де сенімен бұндай жағдай орын алып жатса, ол сенің кінәң емес. Дегенмен саған онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет. Және көмек сұраудан қорықпа, бұл – әлсіздік емес.

Балаларға видироликтер көрсетіліп жан-жақты түсірік жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:Білім алушылар кері байланыс жасап өз сұрақтарын қойып,жауаптарын алды,өз ойларымен бөлісті.

23 ноябрь 2022ж.Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін тексеру (тест сұрақтары) жүргізілді

03 март 2023ж. Балалардың желідегі қауіпсіздігі. Буллинг

29 ноябрь 2023ж. Қараша айында жоспарланған шаралар ретімен жүзеге асты

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

« Шардара» мектеп-лицейінің 7- 11сынып оқушыларының ата- аналарымен кезекті жиналысы Хаттама № 1

Шардара қаласы 20.09.2024 ж

Қатысқандар: ДТЖО; психологтар; сынып жетекшілер; мектеп инспекторы; ата-аналар

Күн тәртібінде:

1.«Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндама

2.Ата-аналарға кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3.Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Сынып жетекшісінің «Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Баяндамада буллинг дегеніміз - адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі екендігі айтылды.Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күреста ата-ананың ролі маңызды.Сондықтан, ата-аналарға интернеттегі қауіп туралы айтылып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылды.

2- мәселе бойынша ата-аналарға кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-ана баласының интернеттен не көретінін білін жүруі керек. Олар түрлі ресурсты қолданады, сойлеседі, видео көреді. Балаға кибербуллингтің не екенін түсіндіру керек. Кіммен сойлесетінін сұрап, бейтаныс адамдардың хатына жауап бермегені дұрыс екенін айту қажет.Әрбір ата-ана өз ұл-қыздарының күмәнді желілерге кіріп, каскойлердің құрбаны болғанын анықтаса, оларға ұрыспай, барынша қолдау көрсеткені жөн. Балаға оны түсінетінін жеткізе отырып, оны жұбату қажет.Сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға күш салу керектігіаталып өтілді.

Scanned with CamScanner

Сынып жетекшісі қауіпсіздік ережелерімен ата - аналарды таныстырып, жолда бала сақ жүруіне, абай болуына ата - аналарға үгіт - насихат жұмыстар жүргізді.

Сөйлеушілер:

Ата-ана: Қанаев Мейрамбек! бүгінгі айтылған мәліметтердің маңызы зор екендігін, баланың тәрбиесіне ата-анасы жауапты екендігін айта келіп,баланың бойына жақсы қасиеттерді сіңіруіміз керек деп өз ойын түйіндеді.

Ата-ана: Пашаров Берік! кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық мәлімет алғандығын, алдағы уақытта баланың білімі мен тәртібіне әрбір ата-ана жауапты екенін есте шығармайық деп өз ойын нақтылады. Жиынға қатысушылар бірауыздан

Қаулы етеді:

1.Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды екендігі ескерілсін;
2. Өмір қауіпсіздігі, санитарлық талаптар сақталынсын.
3.Оқушылардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына көңіл бөлінсін.

ДТЖО Г.Ахатова

Хатшысы А.Базарбаева

Scanned with CamScanner